

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 және 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 583 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына :
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

04 "Білім" функционалдық тобында:
225 "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" әкімшісі бойынша:

011 "Білім беру және ғылым объектілерін салу және қайта жаңарту" бағдарламасында:

"балаларды сауықтыру лагерінің" деген сөздер "оқу-сауықтыру орталығының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбек арқылы оңалтудың республикалық ғылыми-практикалық орталығының" деген сөздер "Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына :
көрсетілген қаулыға 197-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

010 - бағдарламада:

7-бағандағы "Балдәурен" республикалық балаларды сауықтыру лагері" деген сөздер "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген қаулыға 198-қосымшада :

011 - бағдарламада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

5 - б а ғ а н д а :

"балалар сауықтыру лагерінің" деген сөздер "оқу-сауықтыру орталығының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Жетілу проблемасы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-тәжірибе орталығының" деген сөздер "Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7-бағандағы "Жетілу проблемасы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-тәжірибе орталығы" деген сөздер "Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7 - т а р м а қ т а :

"балалар сауықтыру лагерінің" деген сөздер "оқу-сауықтыру орталығының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Жетілу проблемасы бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіптік еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-тәжірибе орталығының" деген сөздер "Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген қаулыға 203-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде :

016 - б а ғ д а р л а м а д а :

7-бағанда "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың ғылыми-практикалық орталығы" деген сөздер "Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі